

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№18				
Күндері	27.01 - 31.01.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Қардың пайдасы / Свойства снега / Properties of snow				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек л.пілі жеке мпеншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңду тұру, матаны сулау, құрғату, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалар белгіленген рет бойынша бірізді киіну, шешіну дағдыларын меңгеруге бөтенкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе ұқыпты бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, келтіру т.б., іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою).
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.	Шаттық шеңбер Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу.	"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолданудағы қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу.	"Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, көнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, көнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Апам үшін күнде мен, (әндете) Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай) Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай) Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру) Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай) Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай) Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай) Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалармен әңгімелесу. Ішіп отырған тамақтың атауын және неден жасалғанын, оның пайдасы, балаларға не ұнайтыны туралы сұрау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Ақшақарлар жауып тұр. Дауыссыз [ш] және [ж] дыбыстары". Мақсаты. Балаларды [ш] және [ж] дыбыстарының жеке, буын және сөз құрамында айтылу тәртібімен, сөздің жекеше және көпше түрлерімен таныстыру; қардың қасиеттері жөнінде білімдерді жетілдіру. <i>Дамытушы жаттығу. "Не дұрыс емес?".</i> Сурет салу "Терезеде ақшақарлары". Мақсаты. Балаларды мақта таяқшалары арқылы шаршы пішініне, "терезе" кескініне ақша қарларды салуға үйрету; терезе сұлбасын бояумен жүргізіп, төрт шақпақ орталарына дөңгелектерді салып, бойларын түрлі нүктелер және сызықтармен толтыруға машықтау. <i>Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтай...".</i> Дене шынықтыру "Ақшақарлар билейді". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету. <i>"Чемпион" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Ақшақарлар билейді". Мақсаты. Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; өннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қардың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту. <i>"Қасықтар" ойыны.</i> Математика негіздері "Аққалалармен ойнайық". Мақсаты. Балалардың екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен жуандығы бойынша тұстастырып, беттестіріп, іс-тәжірибеде сәйкестігін тауып, салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; көзбен мөлшерлеу, қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін дамыту. <i>Үстел басында іс-тәжірибе жаттығуы. "Аққалаларға жуан және жіңішке шелектер".</i> Вариативті компонент/Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Қолғап". Мақсаты. Балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету. Дене шынықтыру "Әдемі билейміз". Мақсаты. Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде епті болуға тәрбиелеу; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. <i>"Ұстап үлгер" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану "Қардың қасиеті". Мақсаты. Қардың қасиеттерін атау арқылы балалардың есте сақтауы мен қабылдауын, зейіні мен тілін және дүниетанымы мен ойлауын дамыту. <i>"Қыста не керек?" дидактикалық ойыны.</i> Орыс тілі "Зима играет с нами в снежки". Цель. Учить повторять и проговаривать небольшие четверостишия о таких природных явлениях, как снег; проявлять положительные эмоции. Учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов, используя слово «зима», изменяя, соответственно, окончания имен прилагательных. <i>Игровое упражнение "Поиграем в снежки".</i>	Мүсіндеу "Аққала". Мақсаты. Балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. <i>Саусақ жаттығуы. "Қарды қолмен жинайық".</i> Дене шынықтыру "Ақшақарлар секілді билейміз". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін дамыту. <i>"Ұстап үлгер" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Шыршаларды бақылау. Мақсаты: шыршаның құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау). Мақсаты: ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". Мақсаты: өптілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". Мақсаты: алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: қоршаған әлемге қызығушылықты оята отырып, құсты шыққан дыбысы арқылы тануға үйрету (шырылдау) және оны сипаттау; құстарға деген қамқорлықты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (тайғақ жолдарды құммен себу). Мақсаты: достар мен ересектерге деген қамқорлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". Мақсаты: шашырап, жан-жаққа жүгіру, жіптен секіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықты бәсеңдетіп, тар жолмен жүгіруге жаттықтыру.	Қардағы құстардың іздерін бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдарменбірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). Мақсаты: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.	Ұлпа қарды бақылау. Мақсаты: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту.) Мақсаты: еңбекке деген оң көзқарасқа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". Мақсаты: заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" Мақсаты: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Әуе көліктерін бақылау. Мақсаты:әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". Мақсаты: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см). Мақсаты: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынның көбігі пайда болғанша көпірту, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Жеке жұмыс	Жеке жұмыс				
Үйге оралу	Ата-анамен жұмыс				

Бекишева М.А